

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2013 жылғы 23 желтоқсандағы № 21-24 "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Конюхов ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2020 жылғы 18 ақпандағы № 36-10 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 ақпанда № 6037 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2022 жылғы 14 ақпандағы № 11-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 14.02.2022 № 11-3 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларына, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 21 маусымдағы № 173 және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 21 маусымдағы № 34/7 "Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" бірлескен қаулысы мен шешіміне сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Конюхов ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2013 жылғы 23 желтоқсандағы № 21-24 шешіміне (2014 жылғы 7 ақпанда "Мағжан жұлдызы" және "Вести" аудандық газеттерінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2536 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімінің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мағжан Жұмабаев ауданы
мәслихаты сессиясының
төрағасы*

*Мағжан Жұмабаев ауданы
мәслихатының хатшысы*

Ж. Хайдарова

Т. Абильмажинов

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданының мәслихаты 2020
жылғы 18 ақпаны № 36-10 шешіміне
қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданы мәслихатының 2013
жылғы 23 желтоқсандағы № 21-24
шешіміне қосымша

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Конюхов ауылдық округі ауылдары тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Елді мекеннің атауы	Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Конюхов ауылдық округі ауылдары тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Конюхов ауылының тұрғындары үшін	32
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Камышлово ауылының тұрғындары үшін	3
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Куломзино ауылының тұрғындары үшін	9